

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

## INTERNATIONAL RELATIONS

## МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ

### ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ СУ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

|                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|--------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Альбина<br/>ПРНИЯЗОВА *</b> | <i>Халықаралық қатынастар магистрі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының докторанты, Астана, Қазақстан, <a href="mailto:a.prnnyazova@apa.kz">a.prnnyazova@apa.kz</a>, ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0003-0840-8003">https://orcid.org/0000-0003-0840-8003</a></i> |
| <b>Ben<br/>JARIHANI</b>        | <i>PhD, Джеймс Кук университетінің профессоры, Австралия, <a href="mailto:ben.jarihani@jcu.edu.au">ben.jarihani@jcu.edu.au</a>, ORCID ID: 0000-0002-1728-0008</i>                                                                                                                                                         |
| <b>Назрин<br/>БАГИРОВА</b>     | <i>Білім беру менеджменті және саясаты магистрі, саясаттану бағытының гуманитарлық және ғылым кафедрасының оқытушысы, ADA университеті, Баку, Әзірбайжан, <a href="mailto:nbaghirova@ada.edu.az">nbaghirova@ada.edu.az</a>, ORCID ID: 0009-0002-7820-1315</i>                                                             |

Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 01/12/2024

Қайта өңделген күні: 04/02/2025

Қабылданған күні: 19/02/2025

DOI: 10.52123/1994-2370-2025-1382

ӨЖ 327.7

ГТАХТК 06.51.51

**Аңдатпа.** Мақалада Орталық Азиядағы сумен қамтамасыз ету проблемаларының, әсіресе Қазақстан Республикасында негізгі өзен ағыстарының азаю перспективасы тұрғысынан ушығуы айтылған. Қазақстан Республикасындағы (ҚР) және Орталық Азия өңіріндегі (ОА) су ресурстарын трансшекаралық контексте басқару үшін су дипломатиясы институттарын кешенді зерттеу Орталық Азиядағы (ОА) өңірлік тұрақтылық пен қауіпсіздіктің негізгі элементтері болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі – су тапшылығы бүкіл әлем бойынша маңызды проблемаға айналғандығында. Мәселе жер бетінде таза және тұтынуға жарамды судың біркелкі бөлінбеуімен қиындайды. Әдетте, өзендер мен ірі су қоймалары трансшекаралық болып табылады. Орталық Азия аумағында екі өзен ағып жатыр, олардың көлемі аймақтың барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткіліксіз. Сонымен қатар, Өмудария мен Сырдарияның жоғарғы және төменгі ағысындағы елдердің мүдделері әртүрлі. Мәселен, Қырғызстан мен Тәжікстан бұл өзендерді электр энергиясын өндіру үшін пайдаланады, ал Қазақстан, Өзбекстан және Түрікменстан су ресурстарын ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылығының дақылдарын өсіру үшін қолданады. Энергетикалық компаниялар жазда суды, қыста электр энергиясын өндіруге пайдалану үшін сақтауға мүдделі, ал ауыл шаруашылық кәсіпорындары суару маусымы кезінде жазда суды ауқымды қажет етеді. Су сапасының мәселесі өзектілігін жоғалтпай келеді және назар аударуды қажет ететін негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Мемлекеттердің экологиялық саясаты судың сапасына сараптама жүргізуді және оның ластану дәрежесін бағалауды көздейді. Су ресурстарын бірлесіп басқару проблемаларын шешу судың ластануын бақылау жөніндегі тиімді өңірлік саясатты іске асыруда маңызды рөл атқарады.

**Түйін сөздер:** су дипломатиясы, су қауіпсіздігін реттеу, трансшекаралық су ресурстары, Орталық Азия, Куш-Тепа каналы, гидро-гегемон.

**Аннотация.** В статье отмечается обострение проблем водоснабжения в Центральной Азии, особенно в перспективе сокращения основных речных потоков в Республике Казахстан. Комплексное исследование институтов водной дипломатии для управления водными ресурсами в Республике Казахстан (РК) и Центрально-Азиатском регионе (ЦА) в трансграничном контексте, что является ключевыми элементами региональной стабильности и безопасности в Центральной Азии (ЦА).

\*Хат-хабарларға арналған автор: Альбина Прниязова, [a.prnnyazova@apa.kz](mailto:a.prnnyazova@apa.kz)

Актуальность исследования заключается в том, что нехватка воды является всемирной проблемой. Ситуация осложняется неравномерным распределением чистой и пригодной для употребления воды по поверхности земли. Как правило, реки и крупные водоемы являются трансграничными. На территории ЦА протекают две реки, объем которых недостаточен для удовлетворения всех потребностей региона. Кроме того, Амударья и страны верхнего и нижнего течения Сырдарьи имеют разные интересы. Кыргызстан и Таджикистан используют эти реки для производства электроэнергии, а Казахстан, Узбекистан и Туркменистан используют водные ресурсы для выращивания сельскохозяйственных и сельскохозяйственных культур. Энергетические компании заинтересованы в хранении воды летом для использования зимой для производства электроэнергии, в то время как сельскохозяйственным предприятиям требуется вода летом во время сезона орошения. Проблема качества воды остается актуальной и является одной из основных, требующих внимания. Экологическая политика государств предусматривает проведение экспертизы качества воды и оценку степени ее загрязнения. Решение проблем совместного управления водными ресурсами играет важную роль в реализации эффективной региональной политики по контролю за загрязнением воды.

**Ключевые слова:** водная дипломатия, регулирование водной безопасности, трансграничные водные ресурсы, Центральная Азия, канал Куш-тепа, гидро-гегемон.

**Annotation.** The article notes the aggravation of water supply problems in Central Asia, especially in the perspective of reducing the main river flows in the Republic of Kazakhstan. A comprehensive study of water diplomacy institutions for water resources management in the Republic of Kazakhstan (ROK) and the Central Asian region (CA) in a cross-border context, which are key elements of regional stability and security in Central Asia (CA).

The relevance of the study lies in the fact that water scarcity is a worldwide problem. The situation is complicated by the uneven distribution of clean and usable water over the earth's surface. As a rule, rivers and large bodies of water are transboundary. There are two rivers on the territory of Central Asia, the volume of which is insufficient to meet all the needs of the region. In addition, the Amu Darya and the countries of the upper and lower reaches of the Syr Darya have different interests. Kyrgyzstan and Tajikistan use these rivers to generate electricity, while Kazakhstan, Uzbekistan and Turkmenistan use water resources to grow agricultural and agricultural crops. Energy companies are interested in storing water in summer for use in winter for electricity generation, while agricultural enterprises require water in summer during the irrigation season. The problem of water quality remains relevant and is one of the main ones that require attention. The environmental policy of the states provides for the examination of water quality and assessment of the degree of its pollution. Solving the problems of joint water resources management plays an important role in the implementation of an effective regional policy on water pollution control.

**Keywords:** water diplomacy, regulation of water security, transboundary water resources, Central Asia, canal Qush-Tepa, hydro-hegemon.

## Кіріспе

Табиғи ресурс – «Су» адамзат пен қоршаған орта үшін ерекше аса маңызды. Осыған орай, су ресурстарын пайдалану қақтығыстары мен ресурстардың деградациясы мемлекеттерге әсері үлкен екені айқын. Табиғи ресурс «Су» жаһандағы ең бай ресурс болып табылады, өйткені су планетаның бетінің төрттен үш бөлігін қамтиды. Алайда, бұл көлемнің 97%-ы тұздардың шамадан тыс көп болуына байланысты суаруға қолданылмайды немесе мүлдем пайдалануға жарамсыз. Қалған 3% адамзат тұтынуы үшін өте аз. Халық санының өсуі, климаттың өзгеруі және экономикалық даму осы өмірлік ресурстарды пайдалану мен қорғаудағы, тазалығын сақтаудағы проблемаларды күшейтеді. Халықаралық құқық, ағыс бойында орналасқан елдер арасындағы тұрақты ынтымақтастықты орнатуда және суды басқарудың әділ әдістерін енгізуде шешуші рөл атқарады. Мақаланың ғылыми гипотезасы - ұлттық және өңірлік мүдделерді ескере отырып, Орталық Азияда су секторын реформалау бойынша ұсынымдар

мен ұсыныстарды әзірлеу, бүкіл өңірдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Су ресурстарының мәнінің маңыздылығы, олардың қауіпсіз және таза суға адам құқықтары контекстіндегі әлеуметтік маңыздылығын түсіну су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін шешуге негіз болды. Осы шектеулі және құнды табиғи ресурсты сақтау мақсатында қазіргі және болашақ ұрпақ үшін трансшекаралық өзендер мен су айдындарын пайдалануды реттеудің тиімділігін арттыру жолдарын іздеу талап етіледі. Жағдайды суды тиімсіз пайдалану, суару қондырғылары мен су үнемдеу жүйелерінің тозуы және басқа да осындай проблемалар қиындатады. Қазіргі уақытта ОА елдерінің су ресурстарын басқаруға қатысты саясатының өзгеру тенденциясы байқалды және 2020-2021 жылдардағы жекелеген жергілікті шекаралық қақтығыстарға қарамастан, ынтымақтастықтың негізгі мәселелерін шешу бойынша өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған [1].

Зерттеудің алғышарттары. Жобаның проблематикасын талдау аймақтағы және Орталық Азия елдеріндегі су ресурстарын басқаруға арналған алдыңғы зерттеулерге негізделетін болады. Орталық Азия аймағының барлық ірі өзендері трансшекаралық болып табылады. Аймақтағы негізгі су көздері – Тәжікстан, Ауғанстан, Өзбекстан және Түрікменстан сияқты бірнеше елдер арқылы өтетін Сырдария және Өмудария өзендері. Бұл өзендер шамамен 77 км<sup>3</sup> сумен қамтамасыз етеді, оның 96%-ы суару үшін пайдаланылады. Сонымен қатар, аймақта Шу, Талас, Тарим және Ертіс сияқты басқа да ірі мемлекетаралық өзендер ағып жатыр [2]. Аймақтағы бес мемлекеттің ішінен тек Қырғызстанның өз аумағында ғана қалыптасқан су ресурстары бар, ал өңірдің қалған елдері әртүрлі дәрежеде шектес аумақтардан судың келуіне тәуелді. Әсіресе қиын жағдай Өзбекстан мен Түрікменстанға тән, өйткені олардың жаңартылатын су ресурстарының 90%-ы сырттан келеді. Осыған байланысты Қазақстан су ресурстарына тәуелді ел ретінде, өз алдына трансшекаралық өзендерді пайдаланудың жоғары басымдықты міндетін қояды. Себебі, Қазақстан аумағындағы су ресурстары біркелкі бөлінбеген. Судың ең көп қоры Шығыс Қазақстан облысында шоғырланған – 1 км<sup>2</sup>-ге 290 мың м<sup>3</sup>, ал Атырау, Қызылорда және әсіресе, Маңғыстау облыстарында тұщы су тапшылығы байқалады, онда бұл ресурстың көздері іс жүзінде жоқ [3]. Қазақстанның өңірлік және индустриялық деңгейлердегі экономикалық дамуы су ресурстарының қолжетімділігіне едәуір тәуелді. Елге қажетті судың жартысына жуығы оның көрші шекарас мемлекеттерден келетінін ескере отырып, оның көрші елдермен халықаралық қатынастардағы негізгі рөлі туралы айтуға болады. Осы ретте, Су дипломатиясының тәжірибесінің қалыптасуы өте маңызды. Аталған табиғи және геосаяси факторлар халықаралық құқық қағидаттарында өңірлік интеграция, өзен бассейндерін бірлесіп басқару қажеттілігін объективті түрде айқындайды. Орталық Азия елдері арасындағы өзендердегі су ресурстарын бөлісу саласындағы қатынастарды реттеудің болмауы сауда, көлік және еңбек нарықтарын қоса алғанда, аймақтағы экономикалық интеграцияның әлеуетін

айтарлықтай шектейді. Бұл жоғары шығындармен байланысты және тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) жетуді қиындатады [4]. Су ресурстарын басқару және су-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін отандық және шетелдік зерттеушілер зерттеп келеді. Экология мен ресурстар үшін күрес арасындағы байланысты зерттеуге канадалық ғалым Т. Гомер-Диксон айтарлықтай үлес қосты [5]. Осымен қатар, М. Зейтуннің зерттеулерінде [6] және Дж. Уорнер [7] су ресурстары аймақтағы жағдайға әсер ететін факторлар ретінде қарастырылады, яғни су ресурстарын бақылау аймақтағы үлкен көрініске әсер ететіндігін көрсетеді. Ресей ғалымдарының еңбектерінде трансшекаралық өзендер бойынша мәселелердің кең ауқымы аймақтағы заңдылықтан бастап соңғы пайдаланушылардың суды ұтымды пайдалануына дейін мәселелі қозғалады. Қазіргі халықаралық қатынастардың маңызды құрамдас бөлігі ретінде су қауіпсіздігі факторын зерттеуге бағытталған зерттеулер ішінде ерекше назар аударуға тұрарлық Н.Г. Рогожинаның [8] және О.А. Бояркинаның [9] еңбектерінде су ресурстарын басқару мәселелері мемлекетаралық, мемлекеттік және өңірлік проблемалар призмасы арқылы қаралды. Өзбек зерттеушілері [10-12] су ресурстарын интеграцияланған басқару тәсілі тұрғысынан қарастырылып отырған саладағы жергілікті мәселелерді шешудің тиімді кешенді әдісі қажет деген пікір айтады. Өзбекстан ғалымдары өз жұмыстарында аймақтық елдер арасындағы су саласындағы ынтымақтастықты дамыту болжамдарын қарастыруда. Тәжікстан авторларының еңбектерінде Орталық Азия суларының экологиялық жағдайы [13, 14] зерттеліп, трансшекаралық суларды әділ және тиімді пайдалану мәселелері қамтылған. Қазақстандық зерттеушілерге келетін болсақ, су ресурстарын бірлесіп пайдалану тақырыбы Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Н. Назарбаевтың кітаптарында егжей-тегжейлі қарастырылады [15]. Экологиялық қауіпсіздіктің жалпы ережелеріне және оны іске асырудың әлемдік тәжірибесіне Г. Байқушықованың жұмысы арналған [16]. Орталық Азиядағы трансшекаралық өзендерді басқару мәселелеріне арналған зерттеулер ерекше

назар аударуға тұрарлық [17]. Қазақстандық ғалым Ормышева өзінің диссертациясында ұлттық және аймақтық тәсілдер призмасы арқылы трансшекаралық өзендерінің проблемаларына кешенді талдау жүргізе отырып, айтарлықтай үлес қосты [18]. Қарастырылып отырған мәселеде ғалымдардың көзқарастарына белгілі бір уақыт кезеңінде қалыптасқан халықаралық қатынастар қатты әсер ететінін мойындау керек. Осыған байланысты, халықаралық аренада қазіргі заманғы тез өзгеретін қатынастар жағдайында ұлттық және аймақтық деңгейде су дипломатиясына жаңа көзқарас қажет.

### Қолданылған әдістер

Мақаланы дайындауда әртүрлі әлеуметтік-құқықтық ұйымдар арасындағы өзара әрекеттесуді анықтауға ықпал ететін құрылымдық әдіс қолданылды. Жобаның негізі тарихи перспективаларды синтездеуге, логикалық талдауға, субъективті факторлар мен объективті жағдайлардың өзара әрекеттесуіне, сондай-ақ Орталық Азия елдері арасындағы трансшекаралық су ынтымақтастығын ілгерілетуге қатысты құқықтық жүйелік талдауды қолдануға негізделген. Нақты деректерді пәндік және сыни тұрғыдан зерттеу қарастырылды. Мұнымен қатар пәнаралық тәсілді қолдануды талап етеді. Халықаралық ресми құжаттарды зерделеп, талдауды қолдану аймақтағы су ресурстары мәселесін шешу үшін шекаралас мемлекеттердің үкіметтерінің қалыптасу процесі және одан кейінгі ынтымақтастық мүмкіндіктері зерттелді.

### Нәтижелерді талқылау


Жоғарыда аталған эксперттердің зерделенген өз еңбектерінде барлық жерде және әрқашан келіссөздер жүргізу қажеттігін ұсынады. Аймақтың гидрографиялық желісін ескере отырып, Орталық Азия елдері тараптары неғұрлым тезірек келісімге келсе, соғұрлым жақсы деп болжанады. Осылайша, ғалымдар «public diplomacy» дипломатиясының құралдарын немесе оның қосалқы түрі ретінде «су дипломатиясын» пайдалануды ұсынады. Жалпы су дипломатиясы дегеніміз не? Орталық Азияда қалай қалыптасқан? Авторлардың пікірінше, бұл су дипломатиясының көптеген анықтамалары

бар екенін атап өткен жөн. Дегенмен, бірыңғай бекітілген ғылыми теориялық анықтама Орталық Азияда жоқ. Көбінесе, су дипломатиясы трансшекаралық сулардағы ынтымақтастыққа қатысты барлық нәрсені қамтитын өте кең мағынадағы ұғым анықталады, әсіресе, соңғы жылдары біз елдерге қатысты, суға қатысты қарым-қатынастар бойынша барлық нәрсе үшін «су дипломатиясы» терминінің жиі қолданылатынын байқадық. Су дипломатиясының алғашқы белгілері ежелгі тарихтан көрінеді. Әлемдегі ең көне өркениеттер өзен жағасында пайда болғаны белгілі. Тарихқа сүйенсек, ең көне өркениет Месопотамияда пайда болған. Яғни, Тигр және Евфрат екі өзенінің жағасында. Месопотамиядағы алғашқы қоныстар біздің дәуірімізге дейінгі IV мыңжылдықта пайда болды. Бастапқыда, адамдар Месопотамияның солтүстік бөлігінде, Евфрат пен Тигр өзендерінің жағасында қоныстанды. Тигр мен Евфрат біркелкі ұқсас өзен емес. Евфрат Тигр өзеніндей терең, су мөлшері де көп емес, бірақ оның ағысы тыныш. Месопотамияда жоғарғы бөлігінде егіншілік жауын-шашынмен қамтамасыз етілсе, төменгі бөлігінде жер құнарлы болды және жасанды суаруды қолдану арқылы жақсы өнім алуға болатын. Өзен аралықтарының (Месопотомия) алғашқы тұрғындары шумерлер болды. Өзендерге суару желілерін де салған. Сонымен бірге ел, әртүрлі жеке мемлекеттерден тұрды. Оның ішінде Эреду, Ур, Киш, Лағаш, Умма қалалары құрамында болған. Қала-мемлекеттерге олар басқара алатын барлық ірі су каналдары кірген. Мысалы, Киш қаласы – Ирнина канал жүйесін, Ур және Урук қалалары Итурунгал суару канал жүйесін басқарды. [20] Осымен қатар, тарихтағы су өркениеті туралы Джонс Хопкинс университетінің халықаралық зерттеулер мектебінің Орталық Азия зерттеушісі Фредерик Старр өз жұмысында да сипаттайды. Ол өз жұмысында "Орталық Азияда әлеуметтік қызметтің негізгі күштері суды сақтау, бөлу және жалпы басқару үшін күрделі жүйелерді салуға және оларға қызмет көрсетуге бағытталған" деген қорытынды ұғымға келеді. [21] Орталық Азияға келетін болсақ, ол негізінен екі ірі өзеннің – Әмудария мен Сырдарияның жоғарғы және төменгі ағысында орналасқан халқы тығыз қалыптасқан кең байтақ аймақ.

Орталық Азияның не екенін көрсететін ұғымдық аппаратта немесе түсініктеме «Ішкі Азия», «Орталық Азия», «Түркістан» сияқты көптеген терминдер бар және бұл терминдердің барлығының өзіндік реңктері бар. ЮНЕСКО түсініктемесіне сәйкес Орталық Азия барлық Еуроазиялық дала оңтүстік Ауғаныстаннан Солтүстік Пәкістан мен Үндістанда да осы Орталық Азияға енеді деген ұғым айтылған [22]. Дегенмен, авторлардың зерттеу пікірінше, Орталық Азия бес мемлекеттің басшылары (Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Түрікменстан) Совет үкіметі таралғаннан кейін, егемендікке ие болғандықтан соң бірігіп атаған саяси ұғымды білдіреді деген ұстаммен келіседі. Орталық Азия территориясы тұйық Арал-Каспий бассейні шегінде орналасқан үлкен аумақты территорияны алады. Орталық Азия аумағында орналасқан барлық мемлекеттер теңізге шыға алмайтын елдер санатына жатады. Өңір оның аумағының көп бөлігін алып жатқан материкшілік шөлдер аймағында орналасқан. Аймақтың бедері дала мен шөлді жазықтардың кең аумақтарын, алқаптарды, ең биік таулы шыңдар мен таулы қыраттарды біріктіреді. Аймақта бірнеше ірі таулы жүйелер орналасқан: Алтай және Саян алабы, Тянь-Шань және Памир Алай өңірінің оңтүстік-батысында. Таулар алып жатқан алаң Орталық Азия аумағынан 800 мың км<sup>2</sup> немесе 20 пайызды құрайды [1]. Тәжікстан мемлекеті аумағының 90%-дан астамы және Қырғызстан таулы деп саналады. Шығыс Қазақстанның аумағы (Қазақша

Ұсақшоқы, Жоңғар Алатауы, Тарбағатай және Алтай) өңірдің осы бөлігін де таулы жерлер қамтиды. Өзбекстанның оңтүстік-шығысы (Батыс Тянь-Шань және Гиссар таулары) Ауғанстан мен Қытай аумағына дейін созылып жатыр. Таулар климаттық реттеуіш және негізгі өзендердің су құраушы тетігі болып табылады. Түрікменстанда таулар ел аумағының небәрі 1%-ын құрайды. Мұздықтар Қырғызстан аумағының 4%-ын және Тәжікстан аумағының 6%-ын алып жатыр. Қазақстан мен Өзбекстанда да мұздықтар бар. Орталық Азияда мұздықтардың жалпы ауданы 12-14 мың км<sup>2</sup> құрайды. Мұздықтардағы су қоры 1000 км<sup>3</sup> құрайды, бұл Орталық Азияның басты өзендері Өмудария мен Сырдарияның онжылдық ағынына сәйкес келеді. Қардың, мұздықтардың еруі және көп жылдық мұз қату нәтижесінде пайда болған су өңірдің өзен ағысы теңгеріміндегі кірістің едәуір бөлігін қамтамасыз етеді. Вегетациялық кезеңде бұл 74%, ал күзгі-қысқы кезеңде 26% шамамен жетеді. [1]. Жалпы аймақта 89 мыңнан астам өзендер бар. Дегенмен, ең үлкен, сумен қамтамасыз ететін Өмудария мен Сырдария өзендері. Бұл ірі өзендер Өмудария мен Сырдария және Іле өзендерінің ағыстары Арал теңізіне және Балқаш көліне жетеді. Географиялық тұрғыдан алатын болсақ Орталық Азияны су бассейндері бойынша ірі теңіз және көл бассейндеріне бөлуге болады: Олар Арал теңізі бассейні, Балқаш өзені бассейні, Каспий теңізі және Орал, Ембі өзендері бассейні, Кар теңізі бассейні. (Сурет 1.)

1-сурет. Орталық Азияның су бассейндері



Жалпы, зерделеп келгенде, жоғары орналасқан ел табиғи туындыларды үнемді, ал екінші төменгі жақта орналасқан ел өзге елдің іс-әрекетінен туындаған ластанудың әсерінен суларды қолдану үшін

Ескертпе: Автормен [1] әдибиет негізінде құрастырылған. залалсыздандыруға экономикалық шығындар көтереді. Бір сөзбен айтқанда, өзеннің әрбір түрі ынтымақтастық үшін өзіндік алғышарттар жасайды. Көршілес өзендер мемлекеттер арасында шекара

құрады. Мұндай аспектілерде суға құқық шекаралас мемлекеттерге қолданылуы мүмкін. Жүйелі өзен бассейндері жағдайында су көрші мемлекет арқылы ағып, ағыс бойынша кезекпен пайдаланылады. Көптеген халықаралық өзендер осындай сипатта тәжірибе қалыптасқан. Су пайдалану өзен бассейнінің ішінде орналасқан жеріне байланысты және суға түсу прерогативті болып табылады. Мұндай жағдайларда географиялық орналасуына сәйкес суды бөлу, су ағының бақылау, ластануын қадағалау сияқты артықшылықтар ағыс бойымен жоғары орналасқан мемлекеттерде болады. Бұл ұстаным Орталық Азия елдеріне де тән. Өзеннің жоғарғы ағысында орналасқан мемлекеттер – Қырғызстан мен Тәжікстан, төменгі ағыстағы елдер – Қазақстан, Өзбекстан және Түрікменстан. Осы өңірдегі судың басым бөлігі Әмудария мен Сырдариядан келеді. Кеңестік Одақ кезеңде Орта Азияда суару мәселесі бірінші орынға қойылып, құрғақ жерлерді суару жұмыстары қарқынды жүргізілді. Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан ауылшаруашылық өнімдерін өсіруге ең қолайлы елдер болды, ал су ресурстарына бай Қырғызстан мен Тәжікстанның жоғары жағындағы елдер көршілес төменгі ағыстағы республикалардың суармалы егіншілік қажеттіліктерін сумен қамтамасыз етті. Оның есесіне төменгі елдер тараптары жоғарғы елдерді ауылшаруашылық өнімдерімен, энергиямен қамтамасыз етті. Бұл өзара тәсіл – өзара өтемақы тәсілі – Әмудария мен Сырдария өзендерінің су ресурстарын барынша оңтайлы басқаруға мүмкіндік берді [23].

Жоғарыда көрсетілгендей, трансшекаралық өзен бассейнінің, әдетте, барлық жағалау елдері мүдделі болып табылатын бірқатар біріктіруші сипаттамаларға ие. Бұл бассейннің су ресурстарын басқару (саяси және техникалық, ұлттық және аймақтық мүдделері). Барлық ғалымдар бұл мақсаттарға (экологиялық қауіпсіздік, ұлттық қауіпсіздік, экономикалық және саяси қауіпсіздік) қол жеткізу үшін өзен бассейнінің жағалауындағы мемлекеттер суға байланысты мәселелерді бірлесіп шешуі керек деген қорытындыға келеді. Қойылған мәселені теориялық тұрғыдан зерделеп,

автор трансшекаралық өзендердің проблемаларын талдау үшін гидрогегемония концепциясына жүгінеді. Бұл тұжырымдаманың авторы итальяндық философ Антонио Грамши. Грамшидің пікірінше, гегемония – бұл халық топтарына бақылау орнату үшін идеология мен күштерді бірге қолданатын топтың диктатурасының бір түрі деген пікір береді. Гидрогегемония концепциясы 2000-жылдары Лондондағы суды зерттеу тобы өкілдерінің жұмысында да көрініс тапты. Гидрогегемония басып алу, біріктіру және шектеу сияқты, суды бақылау стратегиялары арқылы қол жеткізілетін бассейн деңгейіндегі гегемония ретінде анықталады. Билік пен гегемония ұғымының трансшекаралық өзендердің су мәселелеріне қалай қолданылатынын толығырақ түсіну және осы мәселелердің шешімін табу үшін ең алдымен билік пен гегемонияның концептуалды аппаратын қарастыру қажет. Гидрогегемония кезінде мемлекеттің әскери-саяси күші мен экономикалық күші өзен бассейнінің су ресурстарын бақылау мүмкіндігіне ие, бұл төмен немесе жоғары орналасқан ұғымдық аппаратқа қайшы келеді. Осылайша, жағалаудағы елдердің географиялық орналасуы маңызды рөл атқарады, бірақ әрқашан жалғыз анықтаушы фактор бола бермейді. Мысалы, гидрогегемонияның негізгі мақсаттарының бірі халықаралық күн тәртібін бақылау, су айдындары мен гидрологиялық мәліметтер бойынша статистикалық мәліметтерді бақылау болып табылады. Су қауіпсіздігі профессоры Марк Зейтун билік категориясын келесідей анықтайды: Біріншісі – «қатты күштің» ең болжамды категориясы, екіншісі – «келіссөздер жүргізу», үшіншісі – «күш идеясы» [19]. Авторлар, бұл гидрогегемония теориясы Орталық Азия аймағындағы су мәселесіне тән емес деген тұжырымдамаға келеді. Себебі, соңғы 30 жылда аймақ мемлекеттері келісім арқылы суды бөліп келген. Яғни, күш қолданылмаған. Бұл ретте, басқарушы тәсіл интеграция жолына түскен деп пікірге келуге болады. Интеграцияның пайда болған теориясы экономикалық бағытта дамуға негізделді: яғни, сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыру негізінде интеграцияланған елдерді біріктірумен. Бұл категориялық анықтама кейінірек еркін сауда теориясына

айналды – «freetederm». Интеграция теориясындағы тағы бір бағыт – бұл экономикалық емес факторларға негізделді, өйткені экономикалардың бірігуі қатысушы елдер арасындағы қарулы қақтығыстарды азайтып, жалпы қорғаныс қабілетін арттырды. Үшінші бағытта елдер «ішкі өндірістің шектеулі факторлары», яғни «шектелген фактор» салдарынан интеграцияға ұмтылады деген ұғым ұйғарылды. Себебі, «шектеу факторын» жеңу үшін экономиканың ауқымының ұлғаюы қажет, жетіспеген тауарларды көршілес өзге мемлекеттерден толықтыру, жаңа технологиялардың дамуы, өндірістің дамуы және ғылыми зерттеулерге инвестицияның ұлғаюына әкеледі, бұған келгенде интеграцияланған жүйені тартымды етеді. Орталық Азия аймағында Тәжікстан мен Қырғызстанның су ресурстары бойынша географиялық артықшылығы бар, бірақ бұл елдер су ағынының төменгі жағындағы елдерге қарағанда экономикалық тұрғыдан әлсіздеу. Мысалы, Тәжікстан үшін су ресурстары Өзбекстанмен және Түрікменстанмен қарым-қатынаста іс жүзінде бірден-бір сыртқы саяси актив болып табылады. Қазақстан мен Өзбекстан халық саны көптігін ескере отыра, және экономикалық тұрғыдан, геосаяси орналасуы ортада болуы салдарынан ірі халықаралық тас жол дәліздері өтетінін ескере отырсақ, аймақтық ірі акторларына жатқызуға болады. Атап айтқанда, барлық көршілес мемлекеттер бір-бірімен байланыста. Осы ретте, Орталық Азия су гегемон мемлекет бар деген қатарға жатқызуға келмейді. Яғни барлық ағыс бойында орналасқан мемлекеттер бір-бірімен байланысты. Дегенмен, Орталық Азия елдеріне сыртқы ықпал жасай алатын акторларда бар. Олардың қатарына Ресей мен Қытай мемлекеттерін жатқызуға болады. Себебі, Ресей мен Қытай (Каспий аралы, Іле, Ертіс) трансшекаралық өзендері де осы мемлекеттер арасында ортақтасып пайдаланылады. Осымен қатар, жоғарғы ағыс елдері қатарына Ауғанстанды да қосу қажет. Себебі, алдағы уақытта Өмудария өзеніне қатысты мүдделік құқықтар туындау мүмкін. Су ресурстарының 18%-дан астамы Ауғанстаннан шыққанымен, Орталық Азия елдері арасындағы дипломатиялық қатынастардың қатысушысы болып

табылмайтын Ауғанстанды да ескеру қажет. Ауғанстанның солтүстігіндегі Өмудария өзенінде үлкен Куш-Тепа каналы жылдам қарқынмен салынуда. Оның ұзындығы 285 км, ені 100 м болады деп болжануда. Өзбекстан мен Өмударияның төменгі ағысында орналасқан Түрікменстанға және Өзбекстанның Қарақалпақстан және т.б. облыстарында құрғақшылық қауіп төндіреді. Сарапшылардың пікірінше, жағдайды реттеудің халықаралық-құқықтық тетіктері жоқ, сондықтан шиеленістің өршу қаупі жоғары. Орталық Азияға қатысты маманданған Нью-Йорктегі су қауіпсіздігі, басқару және дипломатия жөніндегі сарапшы Джахан Тағанова «The Diplomat» басылымына берген сұхбатында: «Өмударияның су қорының үштен бірі, салынып жатқан Куш-Тепа каналын салу үшін пайдаланылатынын айтты. Өмударияның төменгі ағысындағы елдер үшін, әсіресе Өзбекстан мен Түрікменстан үшін сөзсіз мәселеге айналады» деген пікірде.[24]

Осылайша, автор су қауіпсіздігі кешені теориясы мен гидрогегемония тұжырымдамасы Орталық Азиядағы су мәселелерін өзара ынтымақтастық, ұлттық және аймақтық аспектілер арасындағы тепе-теңдік призмасы арқылы талдауға мүмкіндік береді деген қорытындыға келеді. Су қауіпсіздігін қамтитын экологиялық қауіпсіздіктің концептуалды аппаратының табиғаты, мемлекеттердің өмір сүруі үшін аймақтық өзара тәуелділік пен аймақтық өзара іс-қимылды болжайды. Су дипломатиясы деген ұғым сумен қамтамасыз етудегі бағытында су қауіпсіздігінен таралатын халықаралық қарым-қатынастан туындайды деген тұжырымдама қалыптасады. Су дипломатиясына халықаралық су құқығы трансшекаралық өзендерді, көлдерді және сулы горизонттарды қорғауға және пайдалануға тікелей қатысты. Әлемде 150-ден астам елде трансшекаралық сулары мемлекеттер арасында ортақ ағады. Сондықтан, суды кім және қаншалықты мөлшерде пайдаланатынын анықтау үшін ашық және болжамды мүмкіндігінше түзу болуы өте маңызды. Халықаралық су құқығы тәжірибесінің ұзақ тарихы бар. Су ресурстарын бөлісу туралы алғашқы келісім біздің эрамызға дейінгі 2450 жылы жасалған. Бірақ, біз кейінгі келісімдерде

трансшекаралық су ынтымақтастығына бүкіл бассейнді қамтитын біртұтас қолданылатын тәсіл жоқтығын байқаймыз. Әлемдік тәжірибеде бірнеше мемлекеттердің аумағы арқылы өтетін трансшекаралық су ағындары мен өзендерді пайдалану және реттеу халықаралық құқықтың жалпы қабылданған нормаларымен реттеледі. Өзендерді пайдалану жөніндегі мемлекетаралық қатынастар аймақтық, бассейндік немесе екіжақты келісімдер бойынша арнайы келісімдермен реттеледі, онда мемлекеттер арасында келісімдер жасалған. Трансшекаралық су ресурстары туралы мемлекетаралық келісімдерді талдау ынтымақтастық мәселелері суды пайдаланудың әртүрлі аспектілері мен салаларын қамтитынын көрсетеді. Трансшекаралық су ресурстары бойынша мемлекетаралық келісімдерді талдау ынтымақтастық мәселелері суды пайдаланудың әртүрлі салаларын қамтитынын көрсетеді. Авторлар зерттеген 160 шарт пен келісімнің 39 пайызы суды реттеу немесе суды пайдалану мәселелеріне, 39 пайызы су энергетикасына, 9 пайызы су тасқынының алдын алуға, 6 пайызы өндірістік суларға, 4 пайызы кеме қатынасы мен суды ластауға,

1 пайызы балық шаруашылығына бағытталған мәселелер. [25] Сондай-ақ, бірінші су құқығын реттейтін құжат 1868 жылы Рейн өзеніне қатысты конвенциядан көштің басы болып есептеледі. Одан әрі, тәжірибе қалыптаса береді, негізгі құжат 1950 жылдардан бастап БҰҰ жүйесіндегі өзгерістерді қарасақ, олардың маңызды кезеңі 1997 жылы Халықаралық су ағындарын кеме қатынасы, пайдалану құқығы туралы конвенцияның қабылдануынан басталады. Бұл конвенция 2014 жылы күшіне енді, содан кейін 1992 жылғы Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі конвенция, бастапқыда UNEC аймағында аймақтық құжат ретінде әзірленіп, 2016 жылы күшіне енген. Осылайша, қазір БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттер осы Келісімге қосыла алады. Іс жүзінде бұл екі құжат трансшекаралық суларды бөлісудің негізгі ережелері мен принциптерін белгілейтін, жаһандық деңгейдегі су құқығын қалыптастыратын су дипломатиясының институционалдық негіздемесі деп пайымдауға болады. Жалпы су құқығы тәжірибесінің қалыптасуының бағытын төмендегі кестеден көруге болады.

2-сурет. Су ресурстарын басқарудағы негізгі тарихи құқықтық құжаттар эволюциясы



Ескертпе: автор әдебиеттер негізінде жасаған.

Траншекаралық өзендерге, көлдерге және суды горизонттарға қатысты келісімдерді қамтуды кеңейтудегі негізгі мәселелердің бірі – халықаралық құқық іс жүзінде келісімге негізделген жүйе болып табылады. Сондықтан, елдердің өздері осындай келісімдер жасасудың артықшылықтарын түсінуі қажет. Мемлекеттерді осы немесе басқа келісімді қабылдауға мәжбүр ететін ұлттық мүддеден жоғары орган жоқ. Жаһандық конвенциялар қатарына, мысалға 1992 жылғы конвенция және 1997 жылғы конвенциялар жатады. Бірақ, бұл құжаттар тек елдер ұстануға тиісті негізгі ережелер мен қағидаларды белгілейді, сондықтан, олар елдердің арасындағы өзендері, көлдері мен су ресурстарын басқаруға қатысты мәселелерді реттеу үшін қабылдаған құжаттарды толықтыра отырып қолданыла алады. Бірақ, іске келгенде, елдердің өздері траншекаралық сулардағы ынтымақтастықтың артықшылықтарын, содан кейін оларды ортақ пайдалану үшін осы құқықтық келісімдерді жасасудың құндылығын көруі керек.

Осыған қоса, басқаруда немесе су дипломатиясында негізгі элементтердің бірі материалдық-құқықтық нормаларға беріледі. Қолданыстағы халықаралық құқықтың негізгі принциптері: әділ және ақылға қонымды пайдалану, айтарлықтай табиғатқа зиян келтірмеу, экожүйелерді қорғау, су ресурсын бөлу мөлшерін анықтайтын негізгі материалдық нормалар болып табылады. Бұл материалдық нормалардың сақталуы керектігін білдіреді. Осылайша, халықаралық су құқығы шеңберінде мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық процесіне көмектесетін және оның болжамдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ететін маңызды рәсімдік институционалдық тетіктері екендігін білдіреді. Орталық Азияға келетін болсақ, Арал теңізі бассейніне арналған әлемдік маңызы бар маңызды зерттеулер көп. Шамамен 60-70 жыл бұрын бұл теңіз төрт кеңестік республикасы халқына, 34 балық түрі бар, құнарлы экожүйесі бар әлемдегі төртінші үлкен теңіз болған. Кеңестік дәуірінде гидрологиялық ауқымды суару саясаты жүргізілді. Су шаруашылығы

қызметін орталықтандырылған иерархиялық басқару суды пайдалану үшін ақы алынбайтын түрінде асырылды. Қолданыстағы ресурсты бөлу орталықтандырылған квоталармен Арал теңізінің өмір сүруін қамтамасыз ету өте қиын болды. Нәтижесінде өзімізге белгілі, теңіз 90% суын жоғалтып, табиғи апатқа ұшырап қалды. Яғни, аймақ көптеген суару жүйелері бар өте маңызды географиялық аймаққа ие болған жағдайға тап болдық. Арал теңізі қасіреті, энергетика, ауыл шаруашылығы және суды пайдаланудың басқа да мақсаттары үшін суды бөлудің қазіргі проблемаларын қосқанда, аймақта климаты қатал аридтік аймақта айналдық, бұған қоса су ресурстары ластанған және халық саны жылдан жылға артып келеді. Қазіргі уақытта Аралды құтқару қорымен (ХАҚҚ) институционалдық ынтымақтастық бар, ол 30 жылдан бері Орталық Азия мемлекеттері арасында келісімге келуге көмектесетін және міндетті шешімдер қабылдайтын үкіметаралық жалғыз ұйым болып табылады, әсіресе су таратуға қатысты шешім қабылдау процесін жақсарту үшін әлі де құқықтық тетіктерін дамыту қажет етеді, әсіресе энергетика және экологиялық секторларда.

Бұл ұйымның құқықтық негізі: біріншіден, бұл 1992-1993 жылдары аралығында қабылданған келісімдер. Олардың кейбіреулері жалпы бағытқа ие, ал кейбіреулері Сырдариядағы су және энергетика келісімімен шектелген. Тек 2006 жылғы келісім тұрақты экологиялық дамуға бағытталған. Бірақ бізде аймақтық келісімдерге халықаралық су құқығын енгізуде нақты проблема бар екендігін атап өту қажет.

Біз қолданыстағы келісімдерде халықаралық қағидаттар жоқ екенін айтуға мәжбүрміз. Ынтымақтастықтың процедуралық механизмі өте әлсіз. Құқықтық негізде әлі де көп жұмыс істеу керек. Бұл аймақтық ауқым. Жаһандық ауқымды және жаһандық траншекаралық келісімдерді немесе көпжақты табиғатты қорғау келісімдерін, олардың Арал теңізі бассейніне қалай қолданылатынын қарастыра өтейік. Олар, әсіресе, БҰҰ ЕЭК-тің 1992 жылғы Су ағындары туралы конвенциясы сияқты негізгі конвенцияларға қатысты болуы екені

анық. Бірақ, бұл конвенцияны тек Қазақстан, Өзбекстан және Түрікменстан ғана енгізді. БҰҰ-ның 1997 жылғы Су ағындары туралы конвенциясына тек Өзбекстан ғана қол қойды, ал биологиялық әртүрлілік, сулы-батпақты жерлерді қорғау, климат туралы көпжақты экологиялық келісімдерге қол қойылды. Табиғи ортаның сумен байланысты әртүрлі элементтері арасындағы байланысты қорғау үшін нақты құрылымды құруда әлі де үлкен проблема бар екенін көреміз. Мұнымен бірге, ХАҚҚ-тың күн тәртібінде мемлекеттер арасында қаражаттарды қандай тәртіппен жұмсалуды ашық еместігін де атап өту керек. Осының салдарынан 2016 жылдан бері Қырғызстан өзінің қатысуын уақытша тоқтатып отыр. Сондай-ақ, бұл алаң Орталық Азиядағы жалғыз су ресурстарын басқаруға арнаған халықаралық орган екендігін ескеру керек. Дегенмен, қазіргі уақытта, жоғарыда көрсетілген Ауғанстан аумағында салынып жатқан Куш-Тепа каналының маңызы болса да, Ауғанстан Орталық Азиядағы су мәселесіне қатысты халықаралық ұйымдарға немесе келіссөздерге бүгінгі күнге дейін қатыспаған.

Өзбекстандық эксперттер Абдуллаев, Ахметовтар дабыл қағуда, олар болашақта бұл құрылыс үлкен ауқымды проблемаға айналатынына назар аударады. Құрылыс аяқталғаннан кейін, Куш-Тепа каналы Әмудария өзенінен ең көбі 13 км<sup>3</sup> суды пайдаланады. Бұл су қабылдаудың 80%-дан астамы аймақтық егіс маусымы кезеңінде орын алады, бұл Әмудария өзенінің шектеулі су ресурстарына қосымша жүктеме береді. Әсіресе, бұл құрылыс қолданысқа енгеннен кейін Өзбекстан мен Түрікменстанға қатты әсерін тигізетінін білдіреді [26]. Климатқа әсер етудің артуы барлық жерде кездеседі. Құрғақшылық пен судың жетіспеушілігі жоғарғы ағыстағы энергия өндірісіне де, төменгі ағындағы суаруға да әсер етеді. Сонымен қатар, пайдалану тиімділігінің төмендігі, қол жетімділіктің шектелуі және климаттың су ресурстарына ықтимал теріс әсері, аймақтың белгісіз болашағына одан әрі ықпал етіп, барлық секторлардағы су

ресурстары үшін бәсекелестікті күшейтеді. Осы мәселелердің ішінде Талибанның Куш-Тепа каналын жақында ашылып, іске қосылуы аймақтағы су қажеттілігін өсуі арқылы тағы бір белгісіздіктің өлшемін қосады. Соңғы жылдардағы он жетістіктер туралы атап өтетін болсақ, суды пайдалану мәселелерінде Орталық Азия республикалары арасындағы қарым-қатынастар өзара тәуелділіктің жоғары деңгейімен және мемлекеттік мүдделердің тоғысуымен сипатталады.

Осы ретте, аймақ елдерінің су дипломатиясының негізінде ХАҚҚ және оның шеңберінде өзен ағының жыл сайынғы жоспарлау, мониторингілеу және жедел басқару үшін басқару құрылымы бар ICWC бірегей механизмі құрылды және әзірленді. Мысалға, Өзбекстан Республикасы Орталық Азия елдерінің бірі болып 2007 жылы БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының Халықаралық көлдердің трансшекаралық су ағындарын қорғау және пайдалану туралы конвенциясына 2014 жылы Халықаралық суларды навигациялық емес пайдалану құқығы туралы конвенцияға қосылды.

Атап айтқанда, 2021 жылы Өзбекстан Республикасы мен Түрікменстан арасында су шаруашылығы мәселелері жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссия құрылып, оның алғашқы отырысы сәтті өтті. «Тұямүн» су торабының «Сұлтансанжар» бөгетін қайта құру туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды, бұл Тұямүн су қоймасының қолда бар әлеуетін екі тараптың мүддесі үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Қағидаттық ынтымақтастарға қол жеткізілді және жақын арада Әмудария өзені бассейнінің су ресурстарын басқару, қорғау және ұтымды пайдалану туралы үкіметаралық келісімге, сондай-ақ су үнемдеу технологиялары саласындағы Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылады деп күтілуде. Дегенмен, бұл жерде де Ауғанстан мемлекеті жоқ. Халықаралық Аралды құтқару қорының алаңында ынтымақтастық платформасы шеңберінде 4 ел үкімет басшылары (Қазақстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түрікменстан) деңгейінде Аралды құтқаруға, Арал маңы мен Арал теңізі

бассейнін экологиялық бағытталған өңірлік жобалар мен бағдарламаларды іске асыруда ынтымақтастықтың маңызды құжаттарын бекітті. Осымен бірге, 2022 жылы мемлекеттер арасында аймақтағы Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аймақтық бағдарлама қабылданды. Өңірлік бағдарламаны іске асыру мерзімі 2030 жылға дейін қарастырылған.

Ал, 2023 жылғы 15 қыркүйекте Душанбеде Тәжікстан Республикасының төрағалығымен Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттер басшылары кеңесінің кезекті отырысы өтіп, су ресурстары Орталық Азияның орнықты дамуы үшін шешуші рөл атқаратыны, ал трансшекаралық су ынтымақтастығы өңірдегі орнықты даму, бейбітшілікті, тұрақтылықты және өркендеуді қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарға қол жеткізудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатыны атап өтілді.

Жалпы, Қазақстан өз тарапынан су мәселесіне маңызды және белсенді назар аударады. 2023 жыл Астанада Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінде GIZ «Жасыл Орталық Азия» бағдарламасы командасының кездесуі өтіп, кездесуде ҚР Су шаруашылығы және ирригация министрлігі мен GIZ арасында «Климаттық әсерді ескере отырып, Орталық Азияда су ресурстарын басқару» жобасын іске асыру туралы шартқа ресми түрде қол қойылды. Жоба «Жасыл Орталық Азия» бағдарламасының өңірлік іс-қимыл жоспары шеңберінде бастамашылық етілді, оның мақсаты Орталық Азиядағы су секторындағы өңірлік ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдесу және барлық мемлекеттердің су ресурстарын орнықты интеграцияланған басқару қағидаттары туралы хабардарлығын жақсарту болып табылады. Өткен, 2024 жылы үшінші Су мемлекеттерде ортақ мәдениет, ортақ тіл, ортақ тарихи мұра, соның ішінде су ресурстарын ортақ басқару тәжірибесі де бар. Осы аспект көршілес мемлекеттерді бұдан әрі біріктіріп ынтымақтастықтың күшейуінде айқын күш екені анық.

Бірақ, әлсіз жақтары тұрғысынан авторлар су басқарудағы институционалдық базасынан әлсіздігіне назар аударады. Біз

конференциясы атқарылып, онда Су онжылдығы бойынша үшінші Душанбе конференциясының негізгі мақсаты жалпы күш-жігерді одан әрі жандандыру және БҰҰ-ның су ресурстары жөніндегі конференциясының су күн тәртібінде тіркелген ерікті міндеттемелерді жүзеге асыруды қолдау, сондай-ақ, жаңа әріптестік қатынастарды ынталандыру және 2030 жылға дейінгі кезеңге тұрақты даму саласындағы күн тәртібінің мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі іс-қимылдарды жеделдету болды.

### Қорытынды

Су дипломатиясының, су ресурстарын басқару күрделіліктер көптеген саяси, құқықтық және институционалдық негіздерге байланысты екендігі белгілі болды. Сонымен қатар, күрделілік араласудың әртүрлі масштабтарына байланысты – жергілікті деңгейден халықаралыққа дейін жететіні айқын. Бұған қоса, әртүрлі акторлардың қатысуымен байланысты күрделілік, үйлестіру қажеттілігі күрделендіре түседі. Мұнда міндет дұрыс немесе ең қолайлы құрылымды анықтау болып табылады. Авторлар қазір Орталық Азия мемлекеттері су дипломатиясының призмасы арқылы су және энергетикалық ресурстарды нақты бірлескен және келісілген басқаруға көшудің уақыты келді деген пікірге тоқталады. Бұған аймақтағы Халықаралық су энергетикалық консорциумы түріндегі коммерциялық ұйым құру мен қазіргі заманғы нарықтық тетіктер негізінде ресурстарды басқару жөніндегі өңірлік ұйымның жандануы ықпал етуі мүмкін.

Қорытындылай келе, Орталық Азияда және аймақтағы су бассейндерінде суды тұрақты басқаруда көп ерекшеліктері бар екені белгілі болды. Су бассейні жағалауындағы

бассейндегі барлық елдердің мүдделерін көрсететін институционалдық ынтымақтастықты нығайтып, жаңғыртуымыз керек. Орталық Азиядағы мемлекеттер ынтымақтастықтың принциптері мен жетілдірілген тетіктерін қосу арқылы қолданыстағы құқықтық негіздерді іске асыруды күшейтіп, оларды жақсартуы қажет.

Бұл ретте, климат өзгеруіне қалыптасуға бағытталған, декларативтік позициядан бас тартып, халықаралық құқық құжаттары базасында құқықтық біркелкі институционалдық күші бар бассейндік басқару туралы құжаттарды әзірлеу қажеттілігі туындауда.

Орталық Азия мемлекеттері және Ауғанстан мемлекетінің өкілдерін су мәселесіне қатысты келіссөздерге мүшелерінің қатысуымен «Орталық Азия-бір аймақтық дауыс ретінде» платформа құру мүмкіндіктерін қарастыру да институционалдық фундаментті құру

тәжірибесін қалыптастыруы болады деп пайымдаймыз.

Осымен қатар, дипломатияның жолының бірі – аралас тәсіл әдісі. Яғни, жалпы су мәселесіне қатысты тек кәсіби су мамандары ғана емес, мемлекеттер арасында әр салалық ғалымдар, эксперттер жан-жақты аймақтық ғалымдар бірігіп, саяси, техникалық, экологиялық зерттеулер мен болжамдар жасаудан, аналитикалық платформалар құрудан бас тартпау қажет екендігін назарға алу ұсынылады.

## Әдебиеттер тізімі

1. Винокуров Е., Ахунбаев А., Усманов Н., Сарсембеков Т. Регулирование водноэнергетического комплекса Центральной Азии // Доклады и рабочие документы 22/4. – Алматы: Евразийский банк развития, 2022. – 117 б. <https://eabr.org/analytics/special-reports/regulirovanie-vodno-energeticheskogo-kompleksa-tsentralnoy-azii/> (Жүгіну күні: 12.09.2024)
2. Кукушкина А.В., Содиков Ш.Д. Проблема международного правового статуса водных ресурсов в Центральной Азии // Закон и право. – 2018. – № 12. – б. 31-39. <https://cyberleninka.ru/article/n/problema-mezhdunarodnogo-pravovogo-statusa-vodnyh-resursov-v-tsentralnoy-azii/viewer> (Жүгіну күні: 12.09.2024)
3. Пулатов Я.Э., Мухаббатов Х.М. Водные ресурсы бассейна Аральского моря, вододеление и пути решения дефицита воды // Центральноазиатский журнал географических исследований. – 2021. – № 1-2. – б. 70-83. <https://cyberleninka.ru/article/n/vodnye-resursy-basseyna-aralskogo-morya-vododelenie-i-puti-resheniya-defitsita-vody/viewer> (Жүгіну күні: 10.09.2024)
4. Достижение Целей устойчивого развития в Северной и Центральной Азии. – Бангкок: ЭСКАТО, 2017. – 49 с. <https://ecogofond.kz/wp-content/uploads/2018/12/CA.D.101-Dostizhenie-Celej-Ustojchivogo-Razvitiya-v-Severnoj-i-Centralno-Azii.pdf> (Жүгіну күні: 27.09.2024)
5. Homer-Dixon T. Environment, Scarcity, and Violence. – Princeton, 1999. – 271 p.
6. Zeitoun M., Allan J.A. Applying hegemony and power theory to transboundary water analysis // Water Policy. – 2008. – Vol. 10. – № 2. – P. 3-12. [https://www.researchgate.net/publication/228626516\\_Applying\\_hegemony\\_and\\_power\\_theory\\_to\\_transboundary\\_water\\_analysis](https://www.researchgate.net/publication/228626516_Applying_hegemony_and_power_theory_to_transboundary_water_analysis) (Жүгіну күні: 27.09.2024)
7. Zeitoun M., Warner J. Hydro-hegemony-a framework for analysis of transboundary water conflicts // Water Policy. – 2006. – Vol. 8. – № 5. – P. 435-460. <https://research-portal.uea.ac.uk/en/publications/hydro-hegemony-a-framework-for-analysis-of-trans-boundary-water-c> (Жүгіну күні: 27.09.2024)
8. Рогожина Н.Г. Экологическая политика развивающихся стран. – М., 2015. – 336 с.
9. Бояркина О.А. Водные конфликты в мировой политике: проблемы и перспективы: монография. – М., 2017. – 90 с.
10. Духовный В. и де Шутер Й. Вода в Центральной Азии: прошлое, настоящее, будущее. – Лондон, 2011. – 466 с. [https://www.researchgate.net/publication/259682795\\_Water\\_in\\_Central\\_Asia\\_Past\\_present\\_and\\_future\\_Victor\\_A\\_Dukhovny\\_and\\_Joop\\_LG\\_de\\_Schutter\\_CRC\\_PressBalkema\\_Taylor\\_Francis\\_Group\\_London\\_UK\\_2011\\_ISBN\\_978-0-415-45962-4\\_hardback\\_410\\_pp](https://www.researchgate.net/publication/259682795_Water_in_Central_Asia_Past_present_and_future_Victor_A_Dukhovny_and_Joop_LG_de_Schutter_CRC_PressBalkema_Taylor_Francis_Group_London_UK_2011_ISBN_978-0-415-45962-4_hardback_410_pp) (Жүгіну күні: 27.09.2024)

11. Мирзаев Н.Н. Руководство по организационным аспектам совершенствования управления спросом на воду. Проект «Интегрированное управление водными ресурсами в Ферганской долине». – Ташкент, 2012. – 68 с.
12. Рахимов М.А. Международное сотрудничество Узбекистана в контексте обеспечения стабильности и устойчивого развития в Центральной Азии / под ред. А. Саидова, Р. Абдуллаева. – Ташкент, 2011. – 230 с.
13. Кимсанов У.О. Эколого-ресурсосберегающие аспекты обеспечения водно-энергетической безопасности страны // Вестник Технологического Университета Таджикистана. – 2013. – № 1 (20). – С. 72-76.
14. Хоналиев Н.Х. Энергетические ресурсы и энергетическая безопасность Республики Таджикистан // Проблемы и перспективы экономики и управления: сб. материалов II международной научной конференции. – СПб., 2013. – С. 33-
15. Назарбаев Н.А. XXI ғасырдағы орнықты дамудың жаһандық энергоэкологиялық стратегиясы. – М., 2011. – 194 б.
16. Назарбаев Н.А. Эра независимости. – Астана, 2017. – 508 б.
17. Байкушикова Г.С. Қазіргі халықаралық қатынастардағы экологиялық қауіпсіздік мәселелері: Еуропа елдерінің Орталық Азияға тәжірибесі: монография. – Алматы, 2017. – 202 б.
18. Кукеева Ф.Т., Ормышева Т.А. Водные проблемы в Центральной Азии: на примере рек Чу и Талас // Вестник КазНУ. – 2015. – № 4 (72). – б. 84-90.
19. Ормышева Т.А. Вызовы экологической безопасности в Центральной Азии: противоречие между национальным и региональным подходами по вопросу трансграничных рек: дис. ... док. философии. – Алматы, 2019. – 142 б.
20. Саинов М.П., Саинова Н.П. Гидротехника в древнем междуречье. Изд-во. 3/2009. Вестник МГСУ. / <https://cyberleninka.ru/article/n/gidrotehnika-v-drevnem-mezhdurechie-1/viewer> (Жүгіну күні: 10.10.2024)
21. Стивен Фредерик Старр. Утраченное просвещение. Золотой век Центральной Азии от арабского завоевания до времен Тамерлана. Изд-во. «Альпина паблишер», Москва, 2020/ 69-бет
22. Афиб Халид. Центральная Азия: от века империи до наших дней. Из-во: Альпина. Москва 2024. УДК 94(57)17/20. 13-26 б.
23. Гульбара Ч. Акунова. Особенности водной дипломатии в Центральной Азии. Проблемы постсоветского пространства/Post Soviet issues(2021);8(2):229-241. [https://www.postsovietarea.com/jour/article/view/298?locale=ru\\_RU](https://www.postsovietarea.com/jour/article/view/298?locale=ru_RU) (Жүгіну күні 10.10.2024)
24. Niginakhon Saida, (2023, 05.07) The diplomat «The Taban's New Canal Threatens Water Security in Uzbekistan and Turkmenistan As the Taliban rushes to complete the Qosh Tepa canal, Central Asia's water security is at risk», Жүгіну күні: 22.09.2024 [https://thedi diplomat.com/2023/07/the-talibans-new-canal-threatens-water-security-in-uzbekistan-and-turkmenistan/?fbclid=IwAR3qhsz8HwZXon9D5WFH\\_Mcyz8HN5E8YJxhe0CQeqHuQTsOpsr4Mr800HiA](https://thedi diplomat.com/2023/07/the-talibans-new-canal-threatens-water-security-in-uzbekistan-and-turkmenistan/?fbclid=IwAR3qhsz8HwZXon9D5WFH_Mcyz8HN5E8YJxhe0CQeqHuQTsOpsr4Mr800HiA) (Жүгіну күні 10.10.2024)
25. Хельсингские правила использования международных рек от 20.08.1966 г. [https://unece.org/fileadmin/DAM/env/water/meetings/legal\\_board/2010/annexes\\_groundwater\\_pape r/Annex\\_II\\_Helsinki\\_Rules\\_ILA.pdf](https://unece.org/fileadmin/DAM/env/water/meetings/legal_board/2010/annexes_groundwater_pape r/Annex_II_Helsinki_Rules_ILA.pdf) (Жүгіну күні 10.10.2024)
26. Abdullaev I. Akhmetov S. Police brief. Impact of Afghanistan's Water Developments in Amu Darya Basin on Central Asia. <https://www.iais.uz/en/outputnew/gush-tepa-canal-construction-what-is-at-stake-for-central-asia> (Жүгіну күні 10.10.2024)

## References

1. Vinokurov E., Akhunbaev A., Usmanov N., Sarsembekov T. Regulation of the water and energy complex of Central Asia // Reports and working papers 22/4. – Almaty: Eurasian Development Bank, 2022. – 117 p. <https://eabr.org/analytics/special-reports/regulirovanie-vodno-energeticheskogo-kompleksa-tsentralnoy-azii/> (Data accepted 12.09.2024)
2. Kukushkina A.V., Sodikov Sh.D. The problem of the international legal status of water resources in Central Asia // Law and Law. – 2018. – No. 12. – p. 31-39 <https://cyberleninka.ru/article/n/problema-mezhdunarodnogo-pravovogo-statusa-vodnyh-resursov-v-tsentralnoy-azii/viewer> (Data accepted 12.08.2024)

3. Pulatov Ya.E., Mukhabbatov H.M. Water resources of the Aral Sea basin, water separation and ways to solve water scarcity // Central Asian Journal of Geographical Research. – 2021. – No. 1-2. – p. 70-83. <https://cyberleninka.ru/article/n/vodnye-resursy-basseyna-aralskogo-morya-vododelenie-i-puti-resheniya-defitsita-vody/viewer> (Data accepted 10.09.2024)
4. Achieving the Sustainable Development Goals in North and Central Asia. – Bangkok: ESCAP, 2017. – 49 p. <https://ecogofond.kz/wp-content/uploads/2018/12/CA.D.101-Dostizhenie-Celej-Ustojchivogo-Razvitiya-v-Severnoj-i-Centralno-Azii.pdf> (Data accepted 27.09.2024)
5. Homer-Dixon T. Environment, Scarcity, and Violence. – Princeton, 1999. – 271 p.
- Zeitoun M., Allan J.A. Applying hegemony and power theory to transboundary water analysis // Water Policy. – 2008. – Vol. 10. – № 2. – P. 3-12.
6. Zeitoun M., Warner J. Hydro-hegemony-a framework for analysis of transboundary water conflicts // Water Policy. – 2006. – Vol. 8. – № 5. – P. 435-460.
7. Rogozhina N.G. Environmental policy of developing countries. – M., 2015. – 336 p.
- Boyarkina O.A. Water conflicts in world politics: problems and prospects: monograph. – M., 2017. – 90 p.
8. Rogozhina N.G. Environmental policy of developing countries. – M., 2015. – 336 p.
9. Boyarkina O.A. Water conflicts in world politics: problems and prospects: monograph. – M., 2017. – 90 p.
10. Dukhovny V. and de Shooter Y. Water in Central Asia: past, present, and future. – London, 2011. – 466 p. [https://www.researchgate.net/publication/259682795\\_Water\\_in\\_Central\\_Asia\\_Past\\_present\\_and\\_future\\_Victor\\_A\\_Dukhovny\\_and\\_Joop\\_LG\\_de\\_Schutter\\_CRC\\_PressBalkema\\_Taylor\\_Francis\\_Group\\_London\\_UK\\_2011\\_ISBN\\_978-0-415-45962-4\\_hardback\\_410\\_pp](https://www.researchgate.net/publication/259682795_Water_in_Central_Asia_Past_present_and_future_Victor_A_Dukhovny_and_Joop_LG_de_Schutter_CRC_PressBalkema_Taylor_Francis_Group_London_UK_2011_ISBN_978-0-415-45962-4_hardback_410_pp) (Data accepted 29.09.2024)
11. Mirzaev N.N. Guidance on organizational aspects of improving water demand management. The project "Integrated Water Resources Management in the Ferghana Valley". – Tashkent, 2012. – 68 p.
12. Rakhimov M.A. International cooperation of Uzbekistan in the context of ensuring stability and sustainable development in Central Asia / ed. by A. Saidov, R. Abdullayev. – Tashkent, 2011. – 230 p.
13. Kimsanov U.O. Ecological and resource-saving aspects of ensuring the country's water and energy security // Bulletin of the Technological University of Tajikistan. – 2013. – № 1 (20). – Pp. 72-76.
14. Honaliev N.H. Energy resources and energy security of the Republic of Tajikistan // Problems and prospects of economics and management: collection of materials of the II International scientific conference. – ST. PETERSBURG, 2013. – pp. 33-37.
15. Nazarbayev N. A. global energy and environmental strategy for sustainable development in
16. Nazarbayev N.A. The era of independence. – Astana, 2017. – 508 b.
17. Baikushikova G. S. problems of environmental safety in modern international relations: the experience of European countries in Central Asia: monograph. - Almaty, 2017. - 202 P.
18. Kukeeva F.T., Tormysheva T.A. Water problems in Central Asia: on the example of the Chu and Talas rivers // Bulletin of the Treasury. – 2015. – № 4 (72). – b. 84-90.
19. Tormysheva T.A. Challenges of environmental safety in Central Asia: the contradiction between national and regional approaches to the issue of transboundary rivers: dis. ... doc. philosophy. – Almaty, 2019. – 142 p.
20. Sainov M.P., Sainova N.P. Hydraulic engineering in the ancient mesopotamia. Publishing house. 3/2009. Bulletin of the MGSU. / <https://cyberleninka.ru/article/n/gidrotehnika-v-drevnem-mezhdurechie-1/viewer> (Data accepted 10.10.2024)
21. Starr, S. F. (2020). Lost Enlightenment: Central Asia's Golden Age from the Arab Conquest to Tamerlane. Moscow: Alpina Publisher.
22. Khalid, A. (2024). Central Asia: From the Age of Empire to the Present Day (pp. 13–26). Moscow: Alpina. UDC 94(57)17/20.
23. Akunova, G. Ch. (2021). Specifics of Water Diplomacy in Central Asia. Post-Soviet Issues, 8(2), 229–241. Retrieved from

[https://www.postsovietarea.com/jour/article/view/298?locale=ru\\_RU](https://www.postsovietarea.com/jour/article/view/298?locale=ru_RU) (Accessed: October 10, 2024).

24.Saida, N. (2023, July 5). The Taliban's New Canal Threatens Water Security in Uzbekistan and Turkmenistan. The Diplomat. Retrieved from <https://thediplomat.com/2023/07/the-talibans-new-canal-threatens-water-security-in-uzbekistan-and-turkmenistan> (Accessed: October 10, 2024).

25.International Law Association. (1966, August 20). Helsinki Rules on the Uses of the Waters of International Rivers. Retrieved from [https://unece.org/fileadmin/DAM/env/water/meetings/legal\\_board/2010/annexes\\_groundwater\\_paper/Annex\\_II\\_Helsinki\\_Rules\\_ILA.pdf](https://unece.org/fileadmin/DAM/env/water/meetings/legal_board/2010/annexes_groundwater_paper/Annex_II_Helsinki_Rules_ILA.pdf) (Accessed: October 10, 2024).

26.Abdullaev, I., & Akhmetov, S. (n.d.). Impact of Afghanistan's Water Developments in Amu Darya Basin on Central Asia. Policy Brief. Retrieved from <https://www.iais.uz/en/outputnew/qush-tepa-canal-construction-what-is-at-stake-for-central-asia> (Accessed: October 10, 2024).

#### ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫЕ ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ВОДНОЙ ДИПЛОМАТИИ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

**Альбина ПРНИЯЗОВА\***, магистр международных отношений, докторант Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Астана, Казахстан, [a.prniyazova@apa.kz](mailto:a.prniyazova@apa.kz), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-0840-8003>

**Ben JARIHANI**, Доктор философии, профессор Университета Джеймса Кука, Австралия, [ben.jarihani@jcu.edu.au](mailto:ben.jarihani@jcu.edu.au), <https://orcid.org/0000-0002-1728-0008>

**Назрин БАГИРОВА**, магистр управления образованием и политики, преподаватель политических исследований, кафедры гуманитарных наук и естественных наук, Университет ADA, Баку, Азербайджан, [nbaghirova@ada.edu.az](mailto:nbaghirova@ada.edu.az), ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0002-7820-1315>

#### INSTITUTIONAL THEORETICAL ASPECTS OF WATER DIPLOMACY IN CENTRAL ASIA

**Albina PRNIYAZOVA\***, Master of International Relations, Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, [a.prniyazova@apa.kz](mailto:a.prniyazova@apa.kz), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-0840-8003>

**Ben JARIHANI**, PhD, Professor of James Cook University, Australia, [ben.jarihani@jcu.edu.au](mailto:ben.jarihani@jcu.edu.au), <https://orcid.org/0000-0002-1728-0008>

**Nazrin BAGHIROVA**, Master of Education Management and Policy, Lecturer of Political Studies, Faculty member, department of Humanities and Science, ADA University, Baku, Azerbaijan, [nbaghirova@ada.edu.az](mailto:nbaghirova@ada.edu.az), ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0002-7820-1315>